Балалардыңүйгекайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып	

				үйге қайтуы.	

Тексерген әдіскер: Абсанова Н

Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Мамыр1-апта
Кіші 2-жас
«Бірлік пен
ынтымақ айы»
Апталық дәйек сөз:**«Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»**

Күнтәртібі	**Дүйсенбі** **04.05.2026**	**Сейсенбі** **05.05.2026**	**Сәрсенбі** **06.05.2026**	**Бейсенбі** **07.05.2026**	**Жұма** **08.05.2025**
Балаларды қабылдау	Баланы жылы шыраймен қарсы алып, есімін атап, «Сені көргеніме қуаныштымын» деп айту. Үйде немен айналысқаны туралы сұрау **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Баланы құшақтап қарсы алу. Балаға шағын мақтау айту: «Сен бүгін әдемі киініп келіпсің **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Баланың киімін шешуге көмектесу, «Өзің істегің келе ме?» деп дербестікке ынталандыру. Баланың көңіл-күйін сұрау, қысқаша әңгімелесу **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**		Баланы жылы шыраймен қарсы алып, есімін атап, «Сені көргеніме қуаныштымын» деп айту. Үйде немен айналысқаны туралы сұрау **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**
Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу	Осы артада болатын іс-шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар.	2 жасқа сай еңбек түрлері: гүлге су құюға көмектесу, киімін орнына қою. Шағын еңбекті жүйелі түрде орындауға баулу. Ата-ана мен баланың бірге еңбектенуінің тәрбиелік мәні.	Әрбір ата-ананың іс-әрекеті балаға үлгі екендігі. Бала ата-ананың еңбекқорлығын бақылап үйренету Баланың көзінше жұмысты ынтамен атқарып, қуанышпен орындау.		Баланы еңбекке үйретуде жылы сөз, мадақтау маңыздылығы. Баланың кішкентай жетістігін мойындап отыру. «Сенің көмегің бізге өте пайдалы болды!» деген қарапайым сөздердің тәрбиелік күші

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**«Достық — біздің тірегіміз»** **Тіл дамыту:** «Дос», «тату», «бірге» сөздерін ауызша сөйлеуде қолдану. Сұрақ-жауап: «Сенің досың кім?», «Досыңмен қалай ойнайсың?». **Көркем әдебиет:** Педагогтің көмегімен мына тақпақты қайталау: *Біз балдырған баламыз,Дос боп ойнап жанамыз.Бірлік болса әрқашан,Бақытты боп қаламыз.* **Нәтиже:** «Дос» сөзінің мағынасын түсінеді, тақпақтың алғашқы екі жолын айта алады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	**«Ойыншықтар достығы»** **Тіл дамыту:** Ойыншықтарды бөлісіп ойнау кезіндегі сөйлеу әдебі. «Берші», «алшы», «рахмет» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** Тақпақты жалғастыру: *Ойыншықтарды бөлісіп,Бірге ойнап күлеміз.Тату болып әрдайым,Біз бақытты жүреміз.* **Нәтиже:** Сөйлеу кезінде сыпайы сөздерді өз бетінше қолдана бастайды. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	**«Бірлік туралы жыр»** **Тіл дамыту:** «Бірлік», «Отан» сөздерін ауызша сөйлемде қолдану. «Біздің елде бәрі дос» деген ұғымды түсіндіру. **Көркем әдебиет:** Қайталауға арналған шағын тақпақ: *Күлімдесін күн бүгін,Бұзылмасын бірлігің.Тату болсын халықтар,Артып достық игілігің.* **Нәтиже:** Тақпақтың ырғағын сезінеді, педагогтің соңғы сөздерін іліп әкетіп айтады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**		**«Біз — тату баламыз» (Қорытынды)** **Тіл дамыту:** Өтілген 5 күндегі жаңа сөздерді («Бірлік», «Достық», «Ынтымақ») ойын барысында еркін қолдану. **Көркем әдебиет:** Үйренген тақпақтардың ішінен біреуін мәнерлеп, педагогпен бірге айту. **Нәтиже:** Меңгерілген сөздерді сөйлеуде қолданады, тақпақты толық қайталай алады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**
Таңертенгіжаттығу	**Жаттығу №1** **«Талпын, балақай»:** Тік тұрып, қолды жоғары созу, аяқтың ұшымен көтеріліп, қайта түсу. (Бойды жазу). **«Сағат»:** Қолды белге қойып, басты оңға және солға қисайту. «Тик-так» деп дыбыстау. **«Доп секіреді»:** Екі аяқпен бір орнында жеңіл секіру. (Ептілікке). **«Тыныс алу»:** Қолды жайлап жоғары көтеріп (мұрынмен дем алу),	**Жаттығу №2** **«Құстар ұшады»:** Тік тұрып, қолды жан-жаққа жайып, жоғары-төмен сермеу. «Шиқ-шиқ» деп дыбыстау. **«Аю полпаңдайды»:** Аяқты алшақ қойып, қолды алға созып, оңға-солға теңселу. **«Қоян секіреді»:** Қолды кеудеге қойып (құлақ жасап), екі аяқпен алға қарай кішкене секірулер жасау. **«Жел тербеледі»:** Қолды жоғары көтеріп,	**Жаттығу №3** **«Дөңгелектер айналады»:** Тік тұрып, қолды шынтақтан бүгіп, кеуде тұсында «дөңгелек» құсап айналдыру. (Қол бұлшықетіне). **«Сигнал береміз»:** Қолды алға созып, саусақтарды жұдырыққа түйіп, қайта жазу. «Би-бип!» деп дыбыстау. (Саусақ моторикасына). **«Машина бұрылады»:** Қолды алға созып («руль» ұстап), денені		**Жаттығу №3** **«Дөңгелектер айналады»:** Тік тұрып, қолды шынтақтан бүгіп, кеуде тұсында «дөңгелек» құсап айналдыру. (Қол бұлшықетіне). **«Сигнал береміз»:** Қолды алға созып, саусақтарды жұдырыққа түйіп, қайта жазу. «Би-бип!» деп дыбыстау. (Саусақ моторикасына). **«Машина бұрылады»:** Қолды алға созып («руль» ұстап), денені оңға және солға бұру. (Бел

	төмен түсіру (ауызбен шығару).	денені оңға және солға жайлап иілу. (Тепе-теңдік).	оңға және солға бұру. (Бел омыртқасына). **«Гаражға тоқтаймыз»:** Бір орнында жүгіру, тәрбиеші «Тоқта!» дегенде тізе бүгіп отыра қалу.		омыртқасына). **«Гаражға тоқтаймыз»:** Бір орнында жүгіру, тәрбиеші «Тоқта!» дегенде тізе бүгіп отыра қалу.
Таңғыас	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**		Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Ұйымдастырылғанісәрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу		Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Менің көлігім. **Міндеті:** Үш дөңгелекті велосипедке дұрыс отыруды және ересектердің көмегімен түсуді үйрету. **Дене жаттығулары:** Велосипедтің жанында тұрып, оның бөліктерін (рөл, орындық) тану. Ересек адамның демеуімен орындыққа отыру, тепе-теңдікті сезіну. **Қимылды ойын:** «Светофор». Жасыл түсте — велосипедті	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Жолға шықтық. **Міндеті:** Велосипедтен өз бетінше түсуді жаттықтыру және рөлді түзу ұстауға баулу. **Дене жаттығулары:** Велосипедке отыру және көмексіз жерге түсу әрекетін 3-4 рет қайталау. Рөлді екі қолмен нық ұстап, алға қарай қарау. **Қимылды ойын:** «Торғайлар мен көлік». Балалар «торғай» болып ұшады, сигнал берілгенде «көліктен»	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Шебер жүргізуші. **Міндеті:** Рөлді өз бетінше оңға және солға бұруды үйрету, қимылдарды үйлестіру. **Дене жаттығулары:** Велосипедте отырып, орыннан қозғалмай рөлді екі жаққа бұру жаттығуы. Тәрбиешінің көмегімен педальді басуға талпыну. **Қимылды ойын:** «Көңілді пойыз». Балалар бірінің артынан бірі велосипедпен (немесе жаяу)		**Адалдық әліппесі бойынша Ойын: «Кім жоғалтты?»**. Жерде жатқан қол орамалды немесе ойыншықты тауып алып, «Бұл кімдікі?» деп сұрау. Өзгенің затын иеленбеуге баулу. **Іс-әрекет: «Шыныңды айт»**. Егер бала байқаусызда су төгіп алса немесе бірдеңені бүлдірсе, қорықпай айтуға үйрету. «Айтқаның — адалдығың».**Дағды:** Берген уәдеде тұру. «Қазір жинаймын дедің бе — жинау керек».

	қолмен жетектеп жүру, қызыл түсте — тоқтау. **Шынықтыру:** Ауа ванналары (серуенде 10-15 минут белсенді қимылдау). **Нәтиже:** Велосипедке ересектердің көмегімен отыруды меңгереді. **Қаржылық сауаттылық, Үнемдеу дағдысыІс-әрекет: «Ойыншықтар ауруханасы»**. Сынған немесе жыртылған кітапты көрсету. «Кітап ауырып қалды, оны күтпесек, жаңасын алу керек болады». Баламен бірге кітапты желімдеу. **Ойын: «Қайсысы маңызды?»**. Екі сурет көрсету: «Нан» және «Ойыншық». Қайсысын бірінші алу керек екенін түсіндіру (тамақ — бірінші кезекте). **Дағды:** Тамақты соңына дейін жеу — «ысырап жасамау» екенін үйрету.	(велосипедтен) қашып тығылады. **Шынықтыру:** Дымқыл сүлгімен қолды білезікке дейін сүрту (жеке денсаулығына қарай). **Нәтиже:** Велосипедтен ересектердің көмегінсіз түсе алады. **Құқықтық сауаттылық дағдысы Іс-әрекет: «Көңіл-күй айнасы»**. Айна алдында тұрып: «Мен қуаныштымын», «Мен ренжулімін» деп түрлі эмоцияларды көрсету. «Сенің ренжуіңе болады, бірақ досыңды ұруға болмайды».	тізбектеліп жүру. **Шынықтыру:** Серуеннен кейін қолды салқын сумен жуу. **Нәтиже:** Рөлді өз бетінше басқаруға талпыныс жасайды. **Өнегелі минут Іс-әрекет: «Жылы алақан»**. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жылулық сезіну. «Досыңды ренжітпе, ол сенің досың». **Дағды:** Үлкен адам бөлмеге кіргенде орын беру немесе сәлемдесуді «ойын» түрінде көрсету.		
Екінші таңғы ас	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту керек екенін ескерту Таңғы аспен таныстыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген тағамның пайдасын түсіндіру, алғыс айтуды үйрету Тамақтануға дайындық **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларға үстел басында дұрыс отыруды, тәртіп сақтауды және бір-бірін күту қажеттілігін түсіндіру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**		Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту керек екенін ескерту Таңғы аспен таныстыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Серуенгедайындық	Әр баланы жеке-жеке, кезекпен	Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі	Қауіпсіздік сақтау, жаңбыр суына түсіп		Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру.Алдымен

	киіндіру.Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (жемпір, шалбар, күртеше, қысқа етік, бас киім) кигізеді.	құрғақ болуын тексеру,Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (күрек, құм илеу формалары, көктемгі ойын құралдары) дайындау	кетпеу, жаңбыр суынан салқындап қалмау		ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (жемпір, шалбар, күртеше, қысқа етік, бас киім) кигізеді.
Серуен	**Серуен картотекасы№1** Күннің жылына бастағанын, қардың еритінін бақылау. **Тәжірибе:** «Күн қайда жылытады?». Балалармен бірге күн түсетін жерді және көлеңкені ұстап көру. Күн шуағында заттардың жылы болатынын сезіну. **Еңбек:** Ойын алаңындағы қардың қалдықтарын күрекшемен күн түсетін жерге шығару. **Ойын барысы: «Күн мен жаңбыр»**. Тәрбиеші: «Күн шықты!» — балалар жүгіреді, «Жаңбыр жауды!» — қолшатыр астына тығылады. Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу	**Серуен картотекасы№2** Сүңгілерді (мұздақтарды) бақылау. Олардың неге еритінін түсіндіру. **Тәжірибе:** «Мұздақ қайда жоғалды?». Бір мұздақты жылы алақанға салып, оның суға айналғанын көру. **Еңбек:** Серуеннен кейін ойыншықтарды судан сүртіп, кептіруге көмектесу. **Ойын барысы: «Тамшылар»**. Балалар шеңберде «топ-топ-топ» деп тамшының дыбысын салып, жеңіл секіреді. Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу	**Серуен картотекасы№1** Күннің жылына бастағанын, қардың еритінін бақылау. **Тәжірибе:** «Күн қайда жылытады?». Балалармен бірге күн түсетін жерді және көлеңкені ұстап көру. Күн шуағында заттардың жылы болатынын сезіну. **Еңбек:** Ойын алаңындағы қардың қалдықтарын күрекшемен күн түсетін жерге шығару. **Ойын барысы: «Күн мен жаңбыр»**. Тәрбиеші: «Күн шықты!» — балалар жүгіреді, «Жаңбыр жауды!» — қолшатыр астына тығылады. Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу		**Серуен картотекасы№3** Жылы жақтан ұшып келген құстарды тыңдау (торғай, қарлығаш). **Тәжірибе:** «Құстар не жейді?». Құстарға нан қиқымы мен дән беру. Құстардың қалай шоқитынын бақылау. **Еңбек:** Құстарға арналған жемсауытты тазалау, дән себу. **Ойын барысы: «Ұшты-ұшты»**. Құстардың атын атағанда қолдарын қанатша қағады. Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу
Серуенненоралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру	Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру		Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне

	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	орналастырады тәрбиеші көмегімен Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу. **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**		қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**
Түскіас	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**		Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Күндізгіұйқы	Жайлы киім киюге көмектесу, «Адал ас» ертегісінің аудио нұсқасын қосу. Бөлмеде тыныштық орату	Киімдерін шешім жайлы киім ауыстыруға көмектесу, төсектеріне жатуға көмектесу. Әр балаға жылы қарым-қатынас танытып, тыныштандыру (аялап сипау, жылы сөз айту). Ұйқы кезінде бөлмеде тыныштық пен қолайлы жағдай жасау: жарықты бәсеңдету, таза ауа кіргізу.	Қолдарын жуып, ұйқыға дайындалады. Киімдерін шешіп, өз төсегіне жатады. Тыныштық сақтап, тәрбиеші әңгімесін тыңдайды немесе баяу әуенге құлақ қояды		Жайлы киім киюге көмектесу, «Адал ас» ертегісінің аудио нұсқасын қосу. Бөлмеде тыныштық орату
Біртінд еп ұйқыда нояту,	Жағымды музыка қою Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу,	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын		Жағымды музыка қою Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында

сауықтырушаралар ы	«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар	көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар	жасау Табанмен жеңіл айналмалы қозғалыстар жасау. Массаж элементі ретінде дөңгелек тастар, түйірші резеңке, массаж доптары қолдану		«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар
Бесінас	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**		Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырыбы:** Түрлі-түсті мұнаралар. **Міндеті:** Заттардың көлемін (үлкен-кіші) салыстыруды үйрету және бөлшектерді үстіне қою дағдысын бекіту. **Сенсорика барысы:** Балаға екі түрлі (үлкен және кіші) текшелер беріледі. Ол оларды сипап көріп, түстерін атайды. Тәрбиешінің сұрауымен үлкен текшені кішісімен салыстырып, айырмашылығын айтады. **Құрастыру барысы:** «Биік мұнара тұрғызу». Бала үлкен текшелерді астына, кіші текшелерді үстіне қойып, тепе-теңдікті сақтай отырып мұнара құрастырады.	**Тақырыбы:** Біздің көше. **Міндеті:** Заттарды ұзындығы бойынша салыстыруға үйрету және бөлшектерді жанына қою әдісін дамыту. **Сенсорика барысы:** Бала алдындағы екі тақтайшаны (бірі ұзын, бірі қысқа) беттестіру арқылы салыстырады. Қайсысы ұзын екенін саусағымен жүргізіп көрсетеді. **Құрастыру барысы:** «Машина жолын салу». Бөлшектерді бірінің жанына бірін тізбектей қою. Ұзын жол және қысқа жол салып, оған ойыншық машиналарды орналастырады. **Нәтиже:** Заттарды	**Тақырыбы:** Сәулетті үйшік. **Міндеті:** Заттардың пішінін (шаршы мен үшбұрыш) тануға және оларды біріктіруге дағдыландыру. **Сенсорика барысы:** Бала шаршы мен үшбұрыштың пішіндерін өз бетінше зерттейді (бұрыштарын санайды). «Үйдің қабырғасы қайсысы, шатыры қайсысы болады?» деп салыстырады. **Құрастыру барысы:** Текшенің (немесе кірпіштің) үстіне үшбұрышты (призманы) қойып, үй тұрғызады. Қасына кішкентай ойыншықты қойып ойнайды. **Нәтиже:** Пішіндерді		**Тақырыбы:** Көліктер өтетін көпір. **Міндеті:** Заттарды биіктігі мен ені бойынша салыстыру, кеңістікте бағдарлауды (үстінде, астында) үйрету. **Сенсорика барысы:** Екі текшені қатар қойып, олардың биіктігін салыстырады. Содан соң үстіне қойылатын тақтайшаның енін зерттеп көреді. **Құрастыру барысы:** Екі текшені (немесе кірпішті) арасын ашық қалдырып қойып, олардың үстіне жалпақ тақтайшаны орналастырады. **Нәтиже:** Күрделірек құрылыстың жасалу жолын түсінеді, «Көпір» және оның астындағы, үстіндегі кеңістікті атай біледі.

	Нәтиже: Текшелерді көлеміне қарай ажыратады, тұрғызған құрылысын «Мұнара» деп атайды. **Сенсорика ,Құрастыру таным іс-әрекеті**	ұзындығы бойынша зерттейді, «Жол» құрылысын атайды.	(шаршы, үшбұрыш) ажыратады, құрылыстың бөліктерін (шатыр, қабырға) дұрыс атайды.		
Балалармен жеке жұмыс	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті** **Ән айту және еліктеу арқылы**Баланың сөздерді түсініп айтуын дамыту.Жеңіл әндерді тыңдау («Қуырмаш» сияқты).Баладан әннің кейбір сөздерін қайталауын сұрау	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті** **Қимылдар арқылы** сөздерді есте сақтауға үйрету. «Кім не істеп жатыр?» ойыны. Балаларға жануарлардың қимылдарын көрсетуін сұрау («Мысық қалай жүреді?», «Құстар қалай ұшады?»).«Жасырылған затты тап» ойыны. Балаға затты сипаттау арқылы табуға көмектесу.	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті** Баланың сөздік қорына жаңа сөздер қосу, зейінін шоғырландыру.Суреттер і бар кітаптар немесе карточкаларды пайдалану.Әр суретті көрсете отырып, атау: «Бұл – мысық, мысық не істеп жатыр?»Баланың суреттегі заттарды сипаттауына көмектесу.		**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті** **Ән айту және еліктеу арқылы**Баланың сөздерді түсініп айтуын дамыту.Жеңіл әндерді тыңдау («Қуырмаш» сияқты).Баладан әннің кейбір сөздерін қайталауын сұрау
Серуенгедайындық	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атау	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйретететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).		Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атау
Серуен	**Серуен картотекасы №4** **Тақырыбы:** «Қоршаған	**Серуен картотекасы №5** **Тақырыбы:** «Еңбекке	**Серуен картотекасы №4** **Тақырыбы:** «Қоршаған		**Серуен картотекасы №6** **Тақырыбы:** «Көктемгі ауа»

	ортадағы заттар» **Міндеті:** Балаларды заттардың орнын көрсетуге үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Бөлмеде: Балалар әртүрлі заттарды үстелге, сөреге орналастырады, «жоғары, төмен, жанында» сөздерін қолданады **Тәжірибелік іс-әрекет:** Заттарды дұрыс орналастыру арқылы тәжірибе жасау **Еңбек әрекеті:** Ойыншықтарды жинап, әр затқа орын бөлу **Нәтиже:** Балалар заттардың орналасуын көрсетеді, тілдік сөздік қорын пайдаланады **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**	баулу» **Міндеті:** Балаларды қарапайым еңбектің нәтижесін бағалауға үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада / бөлмеде: Балалар бірге топырақты қазып, гүл отырғызады немесе ойыншықтарды жинастырады **Тәжірибелік іс-әрекет:** Шағын жобалар жасау, заттарды біріктіру **Еңбек әрекеті:** Жұмыс нәтижесін бағалау, таза ұстау **Нәтиже:** Балалар еңбектің нәтижесін бағалай алады, бірлесіп жұмыс істей біледі **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**	ортадағы заттар» **Міндеті:** Балаларды заттардың орнын көрсетуге үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Бөлмеде: Балалар әртүрлі заттарды үстелге, сөреге орналастырады, «жоғары, төмен, жанында» сөздерін қолданады **Тәжірибелік іс-әрекет:** Заттарды дұрыс орналастыру арқылы тәжірибе жасау **Еңбек әрекеті:** Ойыншықтарды жинап, әр затқа орын бөлу **Нәтиже:** Балалар заттардың орналасуын көрсетеді, тілдік сөздік қорын пайдаланады **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**		**Міндеті:** Балаларды таза ауада демалуға, айналаны байқауға үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада: Балалар ағаштарды, гүлдерді бақылайды, желді сезінеді, қолдарын көтеріп, жүгіреді, секіреді **Тәжірибелік іс-әрекет:** Жапырақтарды жинап, түрін, түсін ажыратады **Еңбек әрекеті:** Қолдарымен топырақты босатып, кішкентай гүл отырғызады **Нәтиже:** Балалар қоршаған ортаны сезіп, таза ауада қимылды дұрыс орындайды **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**
Серуеннен оралу	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**		Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу
Кешкі Ас	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі,	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс		Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы

	пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**		әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырыбы:** Досыма сыйлық. **Міндеті:** Дөңгелек пішіндерді қағазға түсіру және ермексазды домалату дағдыларын бекіту; заттарды ұқыпты ұстауға үйрету. **Сурет салу барысы:** Қаламды үш саусақпен ұстап, жіптің бойына кішкентай дөңгелек моншақтарды бірінен соң бірін жеңіл жүргізіп салу. **Мүсіндеу барысы:** Ермексаздан кішкентай шарлар жасап, оларды дайын тұғырға (жіп бейнеленген картонға) кезекпен орналастыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру барысы:** «Ұсақ заттармен қауіпсіздік». Моншақ, түйме сияқты ұсақ заттарды ауызға салуға, мұрынға тығуға болмайтынын («қауіпті») түсіндіру. **Нәтиже:** Тұйықталған дөңгелектерді салады; ұсақ заттармен жұмыс істеу ережесін біледі. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру , қоршаған әлеммен**	**Тақырыбы:** Алтын бақ. **Міндеті:** Тік сызықтарды жүргізу және дайын пішіндерді орналастыруды үйрету; табиғатты аялауға баулу. **Сурет салу барысы:** Қағаздың ортасына жоғарыдан төмен қарай жуан тік сызық (ағаш діңі) және жан-жаққа қарай қысқа сызықтар (бұтақтар) салу. **Жапсыру барысы:** Дайын қиылған сары, қызыл жапырақтарды ағаш бұтақтарының ұштарына және «жерге» (қағаздың төменгі жағына) орналастырып жапсыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру барысы:** «Ағаштар — біздің досымыз». Серуенде ағаш бұтақтарын сындырмау («дұрыс емес»), жапырақтарды жұлмау туралы әңгімелесу. **Нәтиже:** Тік сызықтарды еркін жүргізеді; өсімдіктерге қамқорлық танытады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру , қоршаған әлеммен таныстыру**	**Тақырыбы:** Ойыншықтардың ауласы. **Міндеті:** Параллель тік сызықтар салу және мүсіндеу материалдарын ұқыпты қолдану; серуендегі қауіпсіздікті меңгерту. **Сурет салу барысы:** Қағаз бетіне бір-біріне жақын, ұзындығы бірдей тік сызықтарды қатар жүргізу арқылы «шарбақ» бейнесін салу. **Мүсіндеу барысы:** Ермексазды алақан арасында созып, ұзынша таяқшалар жасау және оларды тұғырға тігінен қатар қою. **Қоршаған әлеммен таныстыру барысы:** «Тастарды лақтырма!». Серуенде жердегі тастарды біріне-бірі лақтырудың «қауіпті» екенін, оның орнына тастардан қатар құрап ойнау «дұрыс» екенін көрсету. **Нәтиже:** Қаламды қатты қыспай бағыттайды; таспен ойнау қауіпсіздігін сақтайды. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру , қоршаған әлеммен**		**Тақырыбы:** Мерекелік көңіл-күй. **Міндеті:** Дөңгелек пен тік сызықты ұштастыру; сумен ойын кезіндегі тазалықты сақтау. **Сурет салу барысы:** Үлкен дөңгелек шарды салып, оның төменгі жағынан ұстайтын жіңішке тік сызық жүргізу. **Жапсыру барысы:** Дайын түрлі-түсті дөңгелектерді қағаздың жоғарғы бөлігіне (аспанға) ретсіз, бірақ бір-біріне беттестірмей орналастыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру барысы:** «Таза су — денсаулық». Сумен ойнаған соң қолды дымқыл шүберекпен сүрту, бети-қолды лас сумен сипамау («дұрыс» әрекет) туралы түсінік. **Нәтиже:** Сызық түрлерін байланыстырады; сумен ойында гигиенаны сақтайды. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру , қоршаған әлеммен таныстыру шығармашылық іс-әрекеттері**

	таныстыру шығармашылық іс-әрекеттері	**шығармашылық іс-әрекеттері**	**таныстыру шығармашылық іс-әрекеттері**		
Балалардыңүйгекайтуы	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.		Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тәрбиеші:

Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Мамыр 2-апта
Кіші 2-жас
«Бірлік пен
ынтымақ айы»
Апталық дәйек сөз:**«Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»**

Күнтәртібі	**Дүйсенбі** **11.05.2026**	**Сейсенбі** **12.05.2026**	**Сәрсенбі** **13.05.2026**	**Бейсенбі** **14.05.2026**	**Жұма** **15.05.2026**
Балаларды қабылдау		Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**
Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу		бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру	Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту	Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	Осы артада болатын іс-шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		**«Сиқырлы қолшатыр» (Қимылды ойын)** **Тіл дамыту:** «Бірге тығыламыз», «бәрімізге орын жетеді» деген сөз тіркестерін қолдану. **Ойын іс-әрекеті:«Күн мен жаңбыр»**. «Жаңбыр жауды» дегенде бәрі бір қолшатырдың астына бірлікте жиналуы керек. **Көркем әдебиет (Тақпақ):** *Жаңбыр жауса — қашпаймыз,Достықты біз тастамаймыз.Бір қолшатыр астында,Көңілді ойын бастаймыз.* **Нәтиже:** Төтенше жағдайда (ойын шартында) бір-біріне қолдау көрсетуді үйренеді. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	**«Сыпайы көмекшілер» (Рөлдік ойын)** **Тіл дамыту:** «Көмектесемін», «өтінемін», «мүмкін бе?» сөздерін рөлдік ойындарда қолдану. **Ойын іс-әрекеті:«Дүкенші мен Сатып алушы»**. Балалар бір-бірінен ойыншықты сыпайы сұрап алуды ойнайды. **Көркем әдебиет (Тақпақ):** *Досым сұраса беремін,Көмекке тез келемін.«Рахмет» деп айтуды,Мен өте жақсы білемін.* **Нәтиже:** Қарым-қатынас мәдениетін ойын арқылы меңгереді. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	**«Достық тізбегі» (Дидактикалық ойын)** **Тіл дамыту:** Бірінен соң бірі сөз жалғау. «Менің досым — ақылды», «Менің досым — әдемі» деп сипаттау. **Ойын іс-әрекеті:«Жылы лебіз»**. Балалар шеңберде тұрып, бір-біріне достық жібін (немесе гүлді) беріп, жылы сөз айтады. **Көркем әдебиет (Тақпақ):** *Қол ұстасып тұрайық,Үлкен шеңбер құрайық.Достық жібін үзбестен,Бірге алға басайық.* **Нәтиже:** Тілдесу барысында жағымды сөздерді өз бетінше тауып айтады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	**«Ойыншықтарды құтқару» (Ізденіс ойыны)** **Тіл дамыту:** «Таптым», «оң жақта», «сол жақта» бағыттарын қолданып, досына жол көрсету. **Ойын іс-әрекеті:«Досыңа жол көрсет»**. Бір баланың көзі байланады, екінші бала оған сөзбен бағыт беріп, жасырылған ойыншықты табуға көмектеседі. **Көркем әдебиет (Тақпақ):** *Мен жол сілтеп тұрамын,Сен табасың тұрағын.Бірлесіп біз жұмыс істеп,Сыйлықты тез табамыз.* **Нәтиже:** Бірлескен әрекетті сөзбен үйлестіруді үйренеді. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**
Таңертенгіжаттығу		**Жаттығу кешені: №5** **«Гүлдер ашылады»:** Тік тұрып, қолды кеуде тұсында біріктіру. Музыкамен қолды жайлап жоғары көтеріп, жан-жаққа жаю (гүл ашылғандай). (Иық белдеуіне). **«Көбелек ұшады»:** Қолды иыққа қойып, шынтақты алға-артқа қозғалту. Сосын қолды жайып, бөлме ішінде жеңіл аяқ ұшымен жүгіру. (Ептілікке). **«Бақшаны тазалаймыз»:**	**Жаттығу кешені: №6** **«Күнге созылу»:** Тік тұрып, қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұрып, «жылуды алайық» деп талпыну. (4 рет). **«Жапырақтар тербеледі»:** Қолды жоғары көтеріп, денені оңға және солға жайлап иілу. (4 рет). **«Гүл бүршігі»:** Тізе бүгіп отыру, қолмен тізені құшақтау. «Гүл ашылды!» дегенде түрегеліп, қолды жан-жаққа жаю. (4 рет).	**Жаттығу кешені: №7** **«Қоян құлағы»:** Қолды бастың үстіне қойып, саусақтарды қимылдату. Басты оңға-солға бұру. (5 рет). **«Сәбіз іздейміз»:** Аяқты алшақ қойып, алға еңкейіп, қолмен еденге тигізу, қайта түзелу. (4 рет). **«Ұзынқұлақ секіреді»:** Қолды кеудеге қойып, екі аяқпен алға қарай кішкене секірулер жасау.	**Жаттығу кешені:№8** **«Қанат қағу»:** Тік тұрып, қолды жан-жаққа жайып, жоғары-төмен сермеу. (5 рет). **«Құстар су ішеді»:** Қолды артқа ұстап, алға қарай еңкейіп, басты көтеру (құсша су ішу). (4 рет). **«Ұяға қону»:** Тізе бүгіп отырып, «шық-шық» деп дыбыстау, қайта тұру. (4 рет). **«Құстар ұшты»:** Бөлме ішінде қолды жайып, жеңіл

		Аяқты алшақ қойып, қолды белге ұстау. Алға қарай еңкейіп, саусақ ұшымен аяқтың басына тигізу. (Иілгіштікке). **«Жылы жаңбыр»:** Бір орнында тұрып, саусақтармен «тық-тық-тық» деп тізеге ұру. Соңында терең дем алып, «пфу-у-у» деп дем шығару. (Денені босаңсыту).	**«Алақай!»:** Бір орнында жеңіл секіру және соңында мұрынмен терең дем алып, ауызбен шығару. (3 рет).	(5-6 рет). **«Қоян тыныстайды»:** Мұрынмен қысқа-қысқа дем алып, «пыс-пыс» деп дыбыстау. (3 рет).	жүгіру (20 секунд) және тоқтап дем алу.
Таңғыас		Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу, ас ішкенде дұрыс отыру қажет екенін үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету, тамақты ұқыпты ішу, дұрыс отыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Қолдарын сабындап, көбікті үрлейді. Қасықты тәрелкеге салады. Ыстық тағамды үрлеп суытады. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
ҰІӘ дайындық		Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу

Кестеге сәйкес ҰІӘ		**Дене Тәрбиесі** **Тақырыбы:** Ептілік мектебі. **Міндеті:** Велосипедті белгілі бір бағытта айдауға қызығушылығын арттыру. **Дене жаттығулары:** Түзу жолмен 2-3 метр велосипед айдау (ересектердің жеңіл демеуімен). Жолдағы кегльдерді (кедергілерді) айналып өту. **Қимылды ойын:** «Өз үйіңді тап». Әр бала белгі берілгенде өз «тұрағына» (белгіленген орынға) велосипедімен келуі керек. **Шынықтыру:** Табанды шынықтыру (түйіршікті төсеніштермен жүру). **Нәтиже:** Велосипедті белгілі бір нысанаға қарай бағыттай алады. **Үнемдеу дағдысы «Кім бірінші жабады?».** Қол жуып болған соң суды соңына дейін жабуды жарыс ретінде көрсету. Бөлмеден шығарда «Жарықты кім өшіреді?» деп балаға жауапкершілік беру. **Өнеге:** «Суды үнемдесек — жеріміз гүлдейді, жарықты үнемдесек — табиғатты сақтаймыз».	**Дене Тәрбиесі** **Тақырыбы:** Біз — спортшымыз! **Міндеті:** Велосипед тебуге деген ықыласты бекіту, топпен ойнауға үйрету. **Дене жаттығулары:** 5 күн ішінде үйренген дағдыларды (отыру, түсу, бұрылу) еркін қайталау. Өз бетінше аз қашықтыққа жүру. **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?». Белгіленген сызыққа дейін велосипедпен жету (жарыс элементімен). **Шынықтыру:** Кешенді шынықтыру шаралары (ауа, су, қимыл). **Нәтиже:** Велосипед тебуге деген сенімділігі артады, ойын ережелерін сақтайды. **Қаржылық сауаттылық дағдысын қалыптастыру «Себетке не саламыз?».** Еденге тамақтардың және ойыншықтардың суреттері қойылады. Бала «қарнымыз ашқанда бірінші не керек?» деген сұраққа жауап беріп, нан, сүт суреттерін себетке жинайды. **Өнеге:** «Алдымен ең керек затты аламыз, сосын барып ойыншық алуға болады»	**Музыка** **Тақырыбы:** Нәзік әуен. **Міндеті:** Басты оңға, солға ию арқылы маракастарды жайлап дыбыстатуды үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Лирикалық, баяу әуенмен басты оңға, солға жайлап ию. Қолдарды жан-жаққа созып, жеңіл сермеу. **Музыкалық аспаппен жұмыс:** Маракасты шулатпай, тек әуеннің нәзік тұстарында жайлап сілку. **Нәтиже:** Музыканың сипатын (нәзіктігін) сезініп, қимылдарын сәйкестендіреді. **Өнегелі минут Мақтау сөздер».** Балалар шеңберге тұрып, көршісінің қолынан ұстап, оған бір жақсы сөз айтады («Сен әдемісің», «Сен мейірімдісің»). **Өнеге:** «Жақсы сөз — жанға қуат. Бір-бірімізге көмектесуіміз керек».	**Қауіпсіздік дағдысы «Сүйікті кейіпкерім».** Тәрбиеші қасқырдың маскасын киіп, балаларға кәмпит ұсынады. Балалар «Жоқ, рақмет, мен сізді танымаймын!» деп айтып үйренеді. **Өнеге:** «Бейтаныс адамнан ештеңе алуға болмайды. Тек анам мен әкем берген затты аламын».

2-ші таңғы ас		«Жылы су, жылы су» тақпақ қайталау. : Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталауға үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Құрғақ, жұмсақ орамал» ойын жаттығуы қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Қасықты дұрыс ұстаймыз» жаттығуы Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Қолымызды дұрыстап жуамыз» жаттығуы.:Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Серуенгедайындық		**"Киімімді дұрыс киемін"** **(Өзін-өзі күту дағдысын дамыту)** балаларға көктемде қандай киімдер кию керектігін көрсету "Алдымен іш киім, содан кейін шалбар, жемпір, сосын күртеше" деп ретімен түсіндіру Балалар тәрбиешінің көмегімен өз бетінше киінуге көмектесу	**"Бір-бірімізге көмектесеміз"** **(Қайырымдылық пен достықты дамыту)** Балалар киіну көмек көрсету (мысалы, түймесін қадау, бас киімін кигізу).. Балалар «рахмет» және «өтінемін» сөздерін қайталап, әдептілікке дағдыланады.	**"Менің көктемгі киімім"** **(Сөздік қорды байыту)** Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	**"Киім қайда тұрады?"** **(Тазалыққа және тәртіпке баулу)** Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу

Серуен		**Серуен картотекасы №8** Ағаштардағы бүршіктердің ісінуін бақылау. **Тәжірибе:** «Бүршіктен не шығады?». Ағаштың кішкентай бұтағын суға салып, бөлмеге қою. Бірнеше күннен кейін жапырақ шыққанын бақылау. **Еңбек:** Ағаштардың түбіне топырақ жинау (қорғау). **Ойын барысы: «Ағаштар мен жел»**. Қолдарын жоғары көтеріп, желмен тербеледі **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**	**Серуен Картотекасы№9** Күн шуағы түскен жерден алғашқы жасыл шөптің шығуын табу. **Тәжірибе:** «Шөпке не керек?». Шөптің бір бөлігін суарып, екінші бөлігін құрғақ қалдыру. Қайсысы жақсы өсетінін салыстыру. **Еңбек:** Ойын алаңындағы өткен жылғы құраған шөптерді жинау. **Ойын барысы: «Гүлдер өседі»**. Балалар бүрісіп отырады да, музыкамен жайлап бойларын жазып, «өседі». **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**	**Серуен картотекасы№10** Қар астынан шыққан қара жерді (топырақты) бақылау. **Тәжірибе:** «Ылғал топырақ». Құрғақ және су тиген топырақты ұстап көру. Ылғал топырақтан мүсін жасауға болатынын көру. **Еңбек:** Топырақты қопсытуға көмектесу (кішкентай тырмалармен). **Ойын барысы: «Біз егеміз»**. Жерге дән сепкендей қимылдар жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**	**Серуен картотекасы№11** Көктемгі аспандағы бұлттарды бақылау. Олардың ақ, мақта секілді екенін айту. **Тәжірибе:** «Бұлттар неге ұқсайды?». Аспанға қарап, бұлттардың пішінін (аюға, гүлге) ұқсату. **Еңбек:** Ойын алаңындағы құмды тегістеу. **Ойын барысы: «Көк аспан»**. Шеңбермен жүріп, қолдарын жоғары созу. **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**
